

Дәріс № 2.

ҚР стандарттаудың мемлекеттік жүйесі Стандарттардың түрлері мен әр түрлі санаттарының жалпы сипаттамасы

1. Стандарттаудың мемлекеттік жүйесі
2. Жүйенің жалпы сипаттамасы және оны реформалау бағыттары

Экологиялық сараптаманың құзыры

ПОН 1 – Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынастарының кезеңдерінде қоршаған ортаның өзгеру динамикасын және оның биосфераға әсерін анықтайды,

ПОН 2 - Қоршаған орта жағдайының мониторингін ұйымдастыру және құру, сараптама түрлері, қоршаған табиғи орта приоритетті бақыланатын параметрлері, сараптауды жүзеге асыру құралдары туралы біледі;

ПОН 3 - Табиғи-ғылыми аспектілерді ұғыну үшін ластаушы заттардың эмиссияларына айланысты амақ өнімдеріндегі токсиканттар мен гендік модификацияланған ағзалардың жағымсыз процестері туралы түсініктерін қалыптастыру дағдыларын меңгере алады.

Стандарттардың түрлері

Стандарттау объектісінің ерекшелігіне және оған белгіленген талаптардың мазмұнына байланысты стандарттардың мына түрлері әзірленді:

- негізге алынатын [стандарттар](#);
- [өнімге](#) (көрсетілетін қызметке) стандарттар;
- [процеске](#) стандарттар;
- [бақылау](#) әдістеріне (сынау, өлшеу, рәсімдеу) стандарттар.

Негізге алынатын стандарттар - қолданылу саласы кең немесе техникалық реттеудің белгілі бір саласына арналған жалпы [ережелері](#) бар стандарттар. Олар басқа стандарттарды шығаруға негіз болатын стандарттар немесе [әдістемелік](#) құжаттар түрінде қолданылады. Өнімге (көрсетілетін қызметке) стандарт біркелкі [өнімдер](#) (көрсетілетін қызметке) топтарына немесе нақты өнімге (көрсетілетін қызметке) талаптар белгілейді. Өнімге, көрсетілетін қызметке әзірленетін стандарттар әр түрлі болады: жалпы техникалық шарттар түрінде, техникалық шарттар түрінде. Бірінші жағдайда стандарттар біркелкі өнімдер (көрсетілетін қызмет) топтарына қойылатын жалпы талаптарды, ал екінші жағдайда - жекелеген өнім түрлеріне қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл стандарттар жалпы жағдайда - жекелеген өнім түрлеріне қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл стандарттар жалпы жағдайда мынандай бөлімдерден тұрады: [жіктеу](#), негізгі параметрлер мен мөлшерлер, жалпы техникалық талаптар, қабылдап алу, таңбалау, буып, [тасымалдау](#) және сақтау ережелері. Біркелкі өнімдер топтарына шағын сұраныстағы стандарттар әзірленуі мүмкін: техникалық талаптар стандарттары: қабылдап алу ережелерінің стандарттары, таңбалау, буып, тасымалдау және [сақтау](#) ережелерінің стандарттары. Процестерге стандарттар [әзірлеу](#), дайындау, сақтау, жүк тасу, пайдалану, өнімді кәдеге жарату мен жөндеудің технологиялық үдерістерінде әр түрлі жұмыстарды орындау әдістеріне (орындау жолдары, тәсілдер, режимдер, [нормалар](#)) негізгі талаптарды белгілейді. Жаңа өнімді игеруді жеделдету жұмыс тарында авто- матты жобалау жүйелеріне байланысты әзірленген стан-

дарттардың атқаратын рөлі үлкен. Мысалы, осындай стандарттарды қолдану негізінде Жапонияда жеңіл машиналар шығаратын фирмалар жаңа модельдерді жобалауға жұмсалатын уақытты 2-8 есе қысқартқан. Саудада тамақ өнімдерін сақтау және сату алдындағы дайындау әдістеріне қатысты стандарттар маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезде өнім (қызмет) сапасын қамтамасыз ету жүйелерінің шеңберінде қолданылатын басқару процестеріне қатысты стандарттар - құжаттарды сатып алуды, мамандарды дайындауды, т.б. басқару стандарттарының маңызы артып отыр. Бақылау әдісіне стандарттар өнімді жасап шығару, сертификаттау және пайдалану кезінде оған сынақ, өлшеу, талдау жүргізу әдістерін белгілейді. Әрбір әдіске олардың ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді:

- сынау құралдары және басқа да керек-жарақтар;
- сынауы өткізуге дайындалу тәртібі;
- сынауы өткізу тәртібі;
- сынау кезінде алынған деректерді өңдеу ережелері;
- сынау нәтижелерін дайындау ережелері;
- сынау қателігінің мүмкін деңгейі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау комитетінің мәліметі бойынша еліміздегі өндірілетін өнімнің 70 %-і сертификатталады. Қазақстанда міндетті түрде сертификаттауға жататын, қауіпті деп есептелетін өнімнің үлесі 85 %-дей болады, сондықтан сертификаттау жұмысының маңызы әрі қарай да өсе береді.

Сертификаттаудың екі түрі бар:

Міндетті сертификаттау- адамдардың өмірі, денсаулығы, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стандарттың немесе өзге нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігі тұрғысында міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің тізбесіне енгізілген өнімдер, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау.

Міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің тізбесін Қазақстан Республикасының өкіметі бекітеді.

Ерікті сертификаттау - өтініш берушілердің (дайындаушылардың сатушылардың, атқарушылардың) бастамашылығы бойынша өнімнің үрдістің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің өтініш беруші айқындайтын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі. Ерікті сертификаттау міндетті сертификаттауды алмастыра алмайды

Міндетті сертификаттауға жататын жұмыстарының қызмет көрсетуге сәйкестік сертификаты жоқ болса тиым салынады. Міндетті сертификаттауға жататын импортталатын өнімді әкелуге жасалатын келісім шарттарды мемлекеттік сертификаттау жүйесінде танылатын сертификаттың және сәйкестік белгісінің болуы көзделуге тиіс. Міндетті сертификаттауға жататын және бөлшек саудаға арналған. Импортталған өнімді әкелуге жасалатын келісім шарттарда өнімге мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпаратты қоса беру көзделеді. Міндетті сертификаттауға жататын Қазақстан Республикасында өтпеген өнімдерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жарнамалауға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының стандарттау

Стандарттау саласындағы органдар мен қызмет атқаратын мекемелернегізгі іс-әрекеттерді стандарттау саласындағы жұмыстарды немесе белгіленген функцияларды атқаратын мекемелер, бірлестіктер және олардың бөлімшелері. Стандарттау саласындағы органдардың негізгі функциясы стандарттау жұмыс тарын басқару. Қазақстанда стандарттау саласындағы ұлттық органның функциясын атқаратын стандарттау саласындағы іс-қимылдарды басқару органы «Техникалық реттеу және [метрология](#) комитеті». *Комитет стандарттау саласында мына функцияларды атқарады:*

1. Мемлекеттік стандарттарды және техникалық [экономикалық](#) ақпараттың жіктеуіштерін әзірлеудің, келісудің, есепке алудың, бекітудің, сараптаудың, өзгертудің, жоюдың және қолданысқа енгізудің тәртібін белгілейді.

2. Техникалық реттеу саласындағы техникалық [регламенттермен](#) үйлестірілген стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастырады.

3. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін стандарттау, сәйкестікті растау және [аккредиттеу](#) жөніндегі ережелері мен ұсынымдарын Қазақстан Республикасының аумағында есепке алу және қолдану тәртібін белгілейді.

4. Мемлекеттік, халықаралық және өңірлік стандарттардың, шет мемлекеттер стандарттарының ресми басылымдарын, стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі ережелері мен ұсынымдарын басып шығаруды және таратуды ұйымдастырады, олар туралы [ақпаратты](#) жариялайды.

5. Мемлекеттік стандарттаудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу тәртібін белгілейді.

6. Стандарттау жөніндегі [нормативтік](#) құжаттардың мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармаларын растауды ұйымдастырады. Техникалық реттеу және метрологиялық комитеті өзінің функциясын тікелей және өзі құрған органдар арқылы атқарады. Стандарттау саласында қызмет атқаратын мекемелер белгіленген басқару деңгейінде стандарттау жұмыстарын жүргізу үшін арнайы құрылған мекемелер мен бөлімшелер. Олардың қатарына ғылыми-зерттеу [институттары](#) және стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер жатады.

7. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың ұсыныстары бойынша салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін [экономика](#) салаларында құрылады. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрамына мемлекеттік органдардың және мүдделі тараптардың [өкілдері](#) кіреді.

8. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің [құзыретіне](#) мыналар кіреді:

- бекітіліп берілген [объектілер](#) және қызмет бағыттары бойынша мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

- Мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық [ақпарат](#) жіктеуіштерін, халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттар мен шет

мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге, оларға сараптама жасауға белгіленген тәртіппен қатысу;

- Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін дамыту бағдарламаларына техникалық реттеу саласындағы техникалық [регламенттер](#) мен мемлекеттік стандарттарды әзірлеу жөнінде [ұсыныстар](#) дайындау.

[Стандарттардың әр түрлі санаттарының жалпы сипаттамалары](#)
Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде [нормалар](#) мен [нормативтік құжаттарға](#) мыналар жатады:

1. Халықаралық стандарттар.
2. Өңірлік стандарттар және техникалық-экономикалық [ақпарат](#) жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері.

4. Ұйымдар стандарттары.
5. Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ұсынымдары.
6. Шет мемлекеттердің ұлттық стандарттары, ұйымдар стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары мен ұсынымдары. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар төмендегілерге сәйкес әзірленеді және бекітіледі (қабылданады). [Қазақстан](#) Республикасының мемлекеттік стандарты ҚРСТ.1.2 бойынша.

ТЭЭА мемлекеттік сыныптауыштары - ҚР СТ. 5.0, ҚР СТ. 5.1. ҚР СТ.5.2 бойынша мемлекетаралық стандарттар мен сыныптауыштар МЕМ СТ.1.2. [Стандарттау](#) және [сертификаттау](#) салаларындағы шетелдік нормативтік құжаттар - ҚР СТ. 1.9. Стандарттау саласындағы ережелер мен [ұсыныстар](#) ЕР 50.1.20 бойынша техникалық шарттар - ҚР СТ. 1.3 бойынша. Халықаралық стандарт - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт. Өңірлік [стандарт](#) - стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт. Мемлекеттік стандарт - уәкілетті орган бекіткен және тұтынушылардың халық көпшілігіне [қолжетімді](#) стандарт. Ұйым стандарты - ұйым бекіткен стандарт. Үйлестірілген стандарт - техникалық [регламенттерде](#) белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін стандарт. Ұлттық стандарт - шет мемлекеттің стандарттау жөніндегі уәкілетті органы қабылдаған және [тұтынушылардың](#) көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт.

[Стандарттардың түрлері](#)

Стандарттау объектісінің ерекшелігіне және оған белгіленген талаптардың мазмұнына байланысты стандарттардың мына түрлері әзірленді:

- негізге алынатын [стандарттар](#);
- [өнімге](#) (көрсетілетін қызметке) стандарттар;
- [процеске](#) стандарттар;
- [бақылау](#) әдістеріне (сынау, өлшеу, рөсімдеу) стандарттар.

Негізге алынатын стандарттар - қолданылу саласы кең немесе техникалық реттеудің белгілі бір саласына арналған жалпы [ережелері](#) бар стандарттар. Олар басқа стандарттарды шығаруға негіз болатын стандарттар немесе [әдістемелік](#) құжаттар түрінде қолданылады. Өнімге (көрсетілетін

қызметке) стандарт біркелкі [өнімдер](#) (көрсетілетін қызметке) топтарына немесе нақты өнімге (көрсетілетін қызметке) талаптар белгілейді. Өнімге, көрсетілетін қызметке әзірленетін стандарттар әр түрлі болады: жалпы техникалық шарттар түрінде, техникалық шарттар түрінде. Бірінші жағдайда стандарттар біркелкі өнімдер (көрсетілетін қызмет) топтарына қойылатын жалпы талаптарды, ал екінші жағдайда - жекелеген өнім түрлеріне қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл стандарттар жалпы жағдайда - жекелеген өнім түрлеріне қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл стандарттар жалпы жағдайда мынандай бөлімдерден тұрады: [жіктеу](#), негізгі параметрлер мен мөлшерлер, жалпы техникалық талаптар, қабылдап алу, таңбалау, буып, [тасымалдау](#) және сақтау ережелері. Біркелкі өнімдер топтарына шағын сұраныстағы стандарттар әзірленуі мүмкін: техникалық талаптар стандарттары: қабылдап алу ережелерінің стандарттары, таңбалау, буып, тасымалдау және [сақтау](#) ережелерінің стандарттары. Процестерге стандарттар [әзірлеу](#), дайындау, сақтау, жүк тасу, пайдалану, өнімді кәдеге жарату мен жөндеудің технологиялық үдерістерінде әр түрлі жұмыстарды орындау әдістеріне (орындау жолдары, тәсілдер, режимдер, [нормалар](#)) негізгі талаптарды белгілейді. Жаңа өнімді игеруді жеделдету жұмыс тарында авто- матты жобалау жүйелеріне байланысты әзірленген стандарттардың атқаратын рөлі үлкен. Мысалы, осындай стандарттарды қолдану негізінде Жапонияда жеңіл ма- шиналар шығаратын фирмалар жаңа модельдерді жоба- лауға жұмсалатын уақытты 2-8 есе қысқартқан. Саудада тамақ өнімдерін сақтау және сату алдындағы дайындау әдістеріне қатысты стандарттар маңызды [рөл](#) атқарады. Қазіргі кезде өнім (қызмет) сапасын қамтамасыз ету жүйелерінің шеңберінде қолданылатын басқару процестеріне қатысты стандарттар - [құжаттарды](#) сатып алуды, мамандарды дайындауды, т.б. басқару стандарттарының маңызы артып отыр. Бақылау әдісіне стандарттар өнімді жасап шығару, сертификаттау және пайдалану кезінде оған [сынақ](#), өлшеу, талдау жүргізу әдістерін белгілейді. Әрбір [әдіске](#) олардың ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді:

- сынау [құралдары](#) және басқа да керек- жарақтар;
- сынауды өткізуге дайындалу [тәртібі](#);
- сынауды өткізу тәртібі;
- сынау кезінде алынған деректерді өңдеу [ережелері](#);
- сынау нәтижелерін дайындау ережелері;
- сынау қателігінің мүмкін [деңгейі](#).

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Стандарттардың түрлерін атаңыз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Сәйкестікті растау саласында Үкіметтің қызметі және стандарттау және өнімнің сапасы.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау,

сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.

4. Журавлева Н.Ю., Кирюшин С.А. Стандартизация, метрология, подтверждение соответствия: Учебно-наглядное пособие / Нижний Новгород: Национальный

исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2018. - 62 с.

5. Е.В.Кравченко, Ю.К.Кривогузова, И.П.Озерова. Метрология, стандартизация и сертификация. Учебное пособие. Томский политехнический университет. - Томск: Изд. Томского политехнического университета, 2013. - 172с.